

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік Университеті.

Қабылдаған: Абдирамашева Қ.С.

Орындаған: Тастанова Г.

Тобы:ЖМ-016

Балалардың жүйке жүйесін зерттеу әдістері

Жоспар.

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- а.Баланың нерв жүйесін объективті зерттеу
- ә. Нерв жүйесі зақымдалған кездегі менингеальды симптомдары.
- б. Баланың нерв психикалық дамуының көрсеткіштері
- в. Нәрестенің шартсыз рефлекстері

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Баланың нерв жүйесін объективті зерттеу

Сана сезімнің бұзылуы (есеңгіреушілік, сопор, кома, сомноленция)

Дизэмбриогенез стигмалары.

Баланың эмоционалды тонусы, мінез-құлқысы, қарап тексеруге реакциясы.

Әр түрлі дәрежеде ақыл-ойдың артта қалуы.

Қозғалыс сферасының бұзылуы: гиперкинез, кординацияның бұзылуы.

Бұлшық ет тонусының бұзылуы (гипертония, гипотония)

Жаңа туған баланың физиологиялық рефлексстері бар болуы немесе жоқтығы, симметриялығы, пайда болуы мерзімі, жауап күші, жасына сәйкестігі.

Бас иннервациясының бұзылуы.

Менингеалды белгілердің болуы (гиперстезия, ригидтілігі, Керниг, Брудзинский, Лесаж, Мендель симптомдары).

Нерв жүйесі зақымдалған кездедегі менингеальды симптомдары.

- **Шүйде бұлшық еттерінің жиырлыуы** – тегіс жерде жатқан баланың басын дәрігер сол қолымен кеудеге қарай еңкейтіп, оң қолымен төс сүйегін басып тұрады. Симптом теріс болып есептеледі, егер баланың иегі төске тиеді.
- **Брудзинский симптомы** : жоғары, ортаңғы, төменгі.
- **Жоғарғы** – арқасынан жатқан баланың басын еңкейткенде, екі аяғы еріксіз жамбас пен тізе буында бүгіледі;
- **Ортаңғы** - арқасынан жатқан баланың шат сүйегін жұдырықпен басып қойғанда, екі аяғы еріксіз бүгіледі;
- **Төменгі** - арқасынан жатқан баланың бір аяғын жамбас буында бүгіп, ал тізе буынын жазып қойса, екінші аяғы еріксіз бүгіледі;
- **Керниг симптомы** – баланың жамбас сүйегі мен тізе буынын бүккен жағдайда тізе буынын жазылуы мүмкін емес;
- **Лесаж симптомы** – баланы қолтығынан көтергенде, екі аяғы еріксіз бүгіледі;

- **Мендель симптомы** – менингит кезінде баланың басынан ұрғылап көргенде, ауру сезімі пайда болады; құлақ жолының алдыңғы жағын ішінен басып көргенде, қатты ауру сезімі пайда болады.
- **Спазмофилия кезінде нерв-бұлшықет жүйесі қозғыштығының бұзылуы симптомдары.**
- **Хвостек симптомы** - fossa canina аймағын соққылау мимикалық бұлшық еттерінің жиырылуына немесе жыбырлауына әкеледі;
- **Труссо симптомы** – иықты қысқанда, қол басы «акушер қолы» сияқты құрысып қалады.
- **Люст симптомы** – шыбық сүйектің бас аймағынан саусақпен немесе балғашықпен соққылағанда, аяқ басы сыртқа қарай жазылады «балерина аяғы» немесе педальді спазм;

1 жасқа дейінгі балалардағы психо-моторлық дамудың орташа мерзімдері мен ықтимал шекаралары

Қозғалыстар мен дағдылар	Орташа мерзім	Мерзім шекаралары
Езу тарту,жымю	5 апта	3-8 апта
Үілдеу	7 апта	4-11 апта
Бас ұстау,мойын қатаюы	3 ай	2-4 ай
Қолдың бағытталған қозғалысы	4 ай	2,5-5,5 ай
Аунау	5ай	3,5-6,5 ай
Отыру	6 ай	4,8-8 ай
Еңбектеу	7 ай	5-9 ай
Еркін шап беру,ұстап алу	8 ай	5,5-10,5 ай
Түрегелу	9ай	6,5-12,5 ай
Қол ұстап жүру	9,5 ай	6,5-12,5 ай
Өз бетінше тұру	10,5 ай	8-13 ай
Өз бетінше жүру	11,5 ай	9-14 ай

Баланың нерв психикалық дамуының көрсеткіштері


- **1 жасқа дейінгі баланың нерв - психикалық дамуының көрсеткіштері**

- 1. Қозғалыс дағдылары (жалпы қозғалыстар, статикалық функциялар, локомоторлық дағдылар, заттармен әрекеттену, жүру)*
- 2. Сенсорлық даму (көру және есту бағдарлау реакциялары, эмоциялар және әлеуметтік мінез-тәртіп)*
- 3. Сөйлеудің дамуы (сөйлеудің бастапқы сатысы, сөз түсіну, белсенді сөйлеу)*
- 4. Тамақтандыру кезіндегі дағдылар*



2 жастағы баланың нерв - психикалық дамуының көрсеткіштері

- 1.Сөз түсіну
- 2.Белсенді сөйлеу
- 3.Сенсорлық даму
- 4.Ойын,заттармен әрекеттену
- 5.Қозғалыстар
- 6.Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары



3 жастағы баланың нерв - психикалық дамуының көрсеткіштері

- 1. Белсенді сөйлеу
- 2. Сенсорлық даму
- 3. Ойын
- 4. Бейнелеу және құрастыру жасау іс-әрекеттері
- 5. Қозғалыстары
- 6. Өзі-өзіне қызмет көрсету дағдылары

Мектеп жасына дейінгі баланың нерв - психикалық дамуының көрсеткіштері

- 1.Ықылас,зейін
- 2.Жад,есте сақтау қабілеті
- 3.Қабылдау қабілеті,зеректік
- 4.Әлеуметтік қатынастар
- 5.Өзі-өзіне қызмет көрсету дағдылары



Мектеп жасындағы баланың нерв - психикалық дамуының көрсеткіштері

- 1.Ықылас,зейін
- 2.Жад,есте сақтау қабілеті
- 3.Қабылдау қабілеті,зеректік
- 4.Жігер,ерік,ықтияр
- 5.Интеллектуальды іс-әрекет
- 6.Әлеуметтік қатынастар
- 7.Мінез – құлқы, мінез тәртібі



Нәрестенің шартсыз рефлекстері.

- Шартсыз рефлексстерді бағалау үшін жылы, жарық бөлмеде үстөл үсінде жүргізіледі. Бала ояу, құрғақ және тоқ болуы керек. Шартсыз рефлексстер арқасынан, ішінен жатқанда және вертикальды іліп ұстап тұрғанда бағаланады.
- **Шартсыз рефлексстерді 3 түрге бөлуге болады:**
- а. тұрақты өмірлік автоматизмдер
- ә. өтпелі примитивті рефлексстер, олар қозғалыс анализаторының дамуының арнайы талаптарын бейнелейді және кейінен жоғалады
- б. кейіннен қалыптасатын рефлексстер, олар сондықтан туғаннан кейін бірден анықталмайды.



Бірінші топқа

қасаңды, жұтқыншақты, жұтыну, конъюнктивальды, сіңірлік рефлексдер жатады.

Екінші топқа

оральды сегментарлы, арқалық сегментарлы, миелоэнцефальды рефлексдер жатады.

Үшінші топқа

мезэнцефальды орнықтыру рефлексдерді жатқызуға болады.

Нәрестелердің орталық нерв жүйесінің функцияларын бағалау үшін екінші топтың рефлексдері қолданылады.

Оральды сегментарлы рефлексдер:

Тұмсықтық рефлекс:

Ерінді ақырын соқанда, бала ерін алдыға созып, шошайтады.



Іздеу рефлексі: Ауыздың жанын сипағанда, бала басын тітіркендіру жаққа бұрып, ауызын ашады. Бұл рефлекс тамақтандыру алдында айқын анықталады.

Тұмсықтық және іздеу рефлекстері 2 айда жоғалады.

Сору рефлексі: егер баланың ауызына емізікті немесе саусақты салса, белсенді сору пайда болады. 1 жастың соңында жоғалады.

Алақан-ауыз рефлексі: Бас бармақпен баланың алақанын тенар маңайында басқанда, бас иіп, ауызын ашады. 3 айда жоғалады.



Арқалық сегментарлы рефлексдер:

Қорғаныс рефлексі: егер нәрестені етпетінен жатқызса, басын бір жағына қарай рефлекторлы түрде бұрады. Бұл рефлекс өмірдің бірінші сағатынан айқындалады.

Ұстай алу рефлексі: саусақты нәрестенің алақанына салғанда, бала зертеушінің саусағын рефлекторлы қатты шап беріп ұстай алады. Кейде осы кезде баланы жоғары көтеруге болады. Осындай рефлекті аяқта анықтауға болады, табанда 2-3-ші саусақтың негізін басқанда саусақтар табанға қарай бүгіледі. Рефлекс 2-4 айда жоғалады.

Галант рефлексі: саусақпен жоғарыдан төмен омыртаның жанынан жүргізгенде, баланың денесі артқа қарай доға тәрізді иіледі. Рефлекс 4 айда жоғалады.

Миелоэнцефальды рефлексдер 2 айға дейін сақталады.



Мезэнцефальды рефлекс

- **Тұлғалық тіктеуші реакция:** Баланың табаны тірекке тигенде, басының тіктелуі байқалады. Реакция 1 айдың соңында дамиды.
- **Жоғарғы Ландау рефлексі:** баланы етпетінен жатып басын, тұлғасының жоғарғы бөлігін қолдарын көтереді және қолдарының көмегімен осы қалыпта ұсталып тұрады. 4 айда қалыптасады.
- **Төменгі Ландау рефлексі:** етпетінен жатқан баланы ішінен ұстап демесе ол аяқтарын жазып көтереді. Рефлекс 5-6 айда дамиды.

Қорытынды

- Бала туар алдында тек 25%, 6 айлық балаларда – 66 %,
- 1 жасқа келгендерде 90-95% нерв клеткалары қалыптасқан.
- Жаңа туған балалардың бас миы салыстырмалы түрде үлкен. Сайлар мен қатпарларының дамуы өмірдің 1 жылының ішінде үдемелі жүреді. Бес жастан кейін бұл процесс жалғасады, бірақ даму қарқыны бәсеңдейді.
- Шартсыз рефлексстердің қорытындыларын бағалағанда, олардың бар екендігін, симметриялығын, пайда болу және жоғалу, сөну мерзімін, жауап беру күшін және баланың жасына сәйкестігін ескере отырады.
- Нәрестеде олардың жоқтығы немесе жоғалу мерзімінде әлі сақталуы патологиялық деп есептеледі және нерв жүйесінің зақымдануын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- «Балалар аурулары пропедевтикасы» Шәкімова Г. Ә, Шабдарова С.К. Алматы 2011ж.
- «Педиатрия»
- Патофизиология